



Бекітемін: Жариф
№9 «Балауса» бөбекжай-
балабақшасының
менгерушісі : Г.А.Жаримбетова

Мерекелік іс-шаралар

«Балапан» кіші тобы

Тәрбиеші: Рзаханова Клара

Бектурганова Фариза Макшатовна

2025-2026 жыл

«Берекелі Алтын-күз!»

«Балапан» кіші аралас тобы

Тәрбиешілер: Рзаханова Клара

Бектурганова Фариза

21.10.2025ж



Тақырыбы: «Берекелі Алтын күз»

Мақсаты: Балаларға берекелі күз туралы мағлұмат беріп, табиғатты қорғауға, сұлулығын тамашалауға тәрбиелеу.

Музыка әуені ойнап тұрады.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар! Ел байлығын арттырған берекелі де мерекелі, күз мерекесі баршамызға құтты болсын! Әр отбасына зор денсаулық, мол астық, мол байлық тілейміз. Ендеше, «Берекелі алтын күз!» атты ертеңгілігімізді бастайық. Ортаға «Балапан» тобының бүлдіршіндерін шақырайық, қарсы алыңыздар!

Ертеңгілігімізді ашып беру үшін балабақша меңгерушісі Жарымбетова Ғайни апайға сөз кезегін береміз

Бі «Күзгі жапырақтар» (Балжан, Айбибі, Ғалия, Айша, Айғаным, Рабия, Н. Медина)

Жүргізуші: Балалар, қазір бізде қандай жыл мезгілі?

Балалардың жауабы:

-Күз мезгілі.

-Күзде қандай өзгерістер болады? (күн суытады, жаңбыр жауады, т.б)

-Жаңбыр жауады, күн суытады.

-Күзде аналарың, әкелерін не жинайды? (картоп, алма, сәбіз, қияр, т.б)

-Картоп

-Күзде жапырақтардың түсі қандай болады?

-Сары түс болады.

Жүргізуші: Балалар, бүгін барлығымыз күз мерекесіне жиналды.

Бізге қонақтар да келді. Бірақ біздің мерекенің сәні болмай тұрған сияқты.

-Сендер білесіңдер ме?

-Бүгінгі мерекенің сәні кім екенін?

-Қанекей балалар, ендеше күзді ортаға шақырайық.

Музыка әуенімен ортаға «Алтын күз» кіреді.

Күз: Береке бақ дарыған,

Жомарт көңіл жарқын жаз.

Сары алтынға малынған,

«Алтын күз» деген мен болам!

Армысыздар, құрметті қонақтар, балалар! Сендерге келгеніме қуаныштымын.

Жүргізуші: Алтын Күз, біздің балалар күз туралы өлеңдер, тақпақтар біледі. Сіз жайланып отырыңыз, балалардың өнерін тамашалаңыз

Хор: «Апорт деген тәтті алма»

Тақпақтар (7 бала ортаға шығады)

Әміре: Жеміс толы айнала

Астық толды қамбаға

Ұлназ: Келді міне күз

Айнала сары түс

Хантөре: Аралайық күзгі бақты

Қандай тамаша

Қ. Медина: Күз келді балақай

Қол соғайық алақай

Н. Медина: Сап сары маңай

Сап сары тоғай

Нұрбек: Қорықпайды тасбақа

Адасудан қашанда

Өйткені оның үйі бар

Тасып жүрер арқада

Нұрбибі: күз келді, күз келді

Жапырақ жапты іздерді

Жүргізуші: Қане балалар, осындай молшылық күз айында бір ойын ойнайық.

Жүргізуші: Ортаға біздің Нұржамал, Қ. Медина, Ұлназ, Әміре, Ұлжан, Нұрбибі атты қыздарымызды шақырамыз.

«Күзгі уақыт» сағаттар биі

Күз: Өте тамаша балалар! Ал енді менімен бірге «Жаңбыр» әнін айтайық

Жүргізуші: Балалардың орындауында «Жаңбыр» әні.

Жүргізуші: ал енді ортаға «Балапан» тбының жігіттерін «Саңырауқұлақтар» биімен шақырамыз.

Ойын «Кім жылдам?»

Шарты: ұлдар бір себетке көкөністерді жинайды, ал қыздар екінші себетке жемістерді жинайды. Алтын күз қыздар мен ұлдардың қалай жинағанын тексересіз бе? («көкөністер» мен «жемістер» сөздерді хормен қайталау)

Күз: Балалар, мен сендерге әкелген сыйлығым бар еді. Мен оны тәрбиеші апайларыңа тапсырамын, топқа барғасын алтын күздің сыйлығынан дәм татасыңдар.


Жүргізуші:

-Балалар, бүгін бізде қандай мереке болды?

-Сендерге мереке ұнады ма?

-Балалар: Бүгінгі мереке бізге қатты ұнады.

Рахмет сізге Алтын Күз! Жыл сайын бізге келе бер, елімізге молшылық әкеле бер! Осымен біздің мерекеміз
аяқталды, келгендеріңізге рахмет.



Жарқыра,
Жаңа жыл!

№9 Балауса бөбекжай балабақшасы

Тақырыбы: «Жарқыра, Жаңа жыл!»

Тобы: Балапан тобы

Тәрбиешілер: Рзаханова Клара

Бектурганова Фариза



Бекітемін: *Жарим*
№9 «Балауса» бөбекжай-
балалар бақпасының
менгерушісі : Г.А.Жаримбетова

«Жарқыра, Жаңа жыл!»

♪ Балалардың кіруі

(Көңілді әуенмен балалар кіреді, шырша жанында шеңберге тұрады)

✍ Жүргізуші:

Құрметті қонақтар, ардақты ата-аналар, сүйікті бүлдіршіндер!

Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Жаңа жыл – ғажайыпқа толы, қуаныш пен шаттық сыйлайтын ерекше мереке.

Ендеше, «Жарқыра, Жаңа жыл!» атты ертеңгілігімізді бастайық!

✍ Менгерушіге сөз беру:

Ендігі кезекте балабақшамыздың менгерушісіне сөз береміз.

Қошеметпен қарсы алайық!

♪ 1-хор

Жүргізуші:

Балаларымыз сіздерге әсем ән арнайды.

Қабыл алыңыздар!

□ Тақпақтар (5 бала)

1-бала:

Қар жауып тұр далада,

Ақ көрпеге орана.

Жаңа жылды тойлаймыз,

Қуанышпен балаша.

2-бала:

Аяз ата келеді,

Сыйлық әкеп береді.

Жақсы бала болсақ біз,

Бәрімізді сүйеді.

3-бала:

Шырша тұр ғой жарқырап,

Ойыншықтар жалтырап.

Жаңа жылды қарсы алып,

Көңіл көтер шат құрап.

4-бала:

Жаңа жылда тілеймін,

Бақыт, шаттық, күлкі көп.

Барлық бала қуансын,

Көңіліміз болсын тоқ.

5-бала:

Жаңа жылым кел, кел,

Бізге бақыт бере гөр.

Ән мен биге толтырып,

Қуанышқа бөле гөр!

Ұлдар биі

Жүргізуші:

Ал енді ортаға біздің кішкентай батыр ұлдарымызды шақырамыз!

Қошеметпен қарсы алыңыздар!

1) 2-хор

Жүргізуші:

Мерекеміз жалғасады! Келесі әнді қабыл алыңыздар!

□ Тақпақтар (5 бала)

1-бала:

Жаңа жыл келді міне,

Шаттық сыйлап бәріне.

Қуанышқа бөленіп,

Күлеміз біз сәніне.

2-бала:

Ақша қарлар жауады,

Жаңа жылды қарсы аламыз.

Аяз ата келіп бізге,

Сыйлықтарын таратады.

3-бала:

Жаңа жылым келдің бе,

Қуантасың елді де.

Би билейміз, ән айтып,

Көңілденеміз енді де.

4-бала:

Жасыл шырша жанында,

Ойнаймыз біз бәріміз.

Жаңа жылды қарсы алып,

Бақытты боп қаламыз.

5-бала:

Қош келдің сен, Жаңа жыл,

Қуанышқа толы жыл.

Бәрімізге бақыт бер,

Жарқын, әсем жаңа жыл!

✧ Қыздар биі

Жүргізуші:

Әсем де нәзік қыздарымыздың биін қарсы алыңыздар!

✧ Ақшақардың кіруі

(әуенмен кіреді)

Ақшақар:

Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Сәлеметсіздер ме, қонақтар!

Мен Ақшақармын! Сендердің мерекелеріңе келдім.

Ал, Аяз атаны көрдіңдер ме?

✧ Жүргізуші:

Жоқ, Ақшақар, біз әлі көрген жоқпыз.

Балалар, Аяз атаны бірге шақырайық!

 Аяз атаны шақыру

Балалар бірге:

Аяз ата! Аяз ата!

 Аяз атаның кіруі

(салтанатты әуенмен кіреді)

Аяз ата:

Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Жаңа жыл құтты болсын!

Мен сендерге алыстан сыйлық алып келдім!

 Шырша жағу

Аяз ата:

Шыршамыз неге жанбай тұр?

Кәне, бәріміз бірге айтайық:

🔊 «Шырша, шырша, жан!»

(Шырша шамдары жанады)

 Ата-аналармен ойын

Жүргізуші:

Құрметті ата-аналар, ортаға шығып, балалармен бірге ойын ойнайық!

 Ансамбль

Жүргізуші:

Балаларымыздың шағын өнерін тамашалаңыздар!

 Сыйлық тарату

Аяз ата:

Балалар, сендер өте жақсы өнер көрсеттіңдер!

Енді менің сыйлықтарымды қабыл алыңдар!

(сыйлық таратылады)

✍ Қорытынды

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар!

Осымен «Жарқыра, Жаңа жыл!» ертеңгілігіміз аяқталды.

Жаңа жыл баршаңызға бақыт пен қуаныш әкелсін!

Барлығы бірге:

🎄 Жаңа жыл құтты болсын! 🎄

Бекіміз
6.03.2026
[Signature]

№9 "Балауса" бөбекжай балабақшасы

Топ: Балапан кіші тобы

«Ана – өмір шуағы»

Тәрбиешілер:

Рзаханова Клара

Бектурганова Фариза

Күні: 6.03.2026ж



Бекітемін: Жарим
№9 «Балауса» бөбекжай-
балабақшасының
менгерушісі : Г.А.Жаримбетова

«Ана – өмір шұағы»

Жүргізуші:

Армысыздар, ардақты аналар, аяулы әжелер, қадірлі қонақтар!

Сіздерді көктемнің ең әдемі, ең шұақты мерекесі — 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Ана – өмірдің гүлі,

Ана – көңілдің нұры.

Әлемдегі ең асыл жан – Ана!

Бүгінгі мерекелік ертеңгілігімізді ашу үшін сөз кезегін

№9 "Балауса" бөбекжай балабақшасының меңгерушісі Жаримбетова Ғайни ханымға береміз.

Меңгерушінің құттықтау сөзі

(Меңгеруші аналарды мерекемен құттықтайды)

Жүргізуші:

Ана – әр баланың жүрегіндегі ең қымбат жан.

Ендеше бүлдіршіндеріміздің аналарға арналған әсем әнін қабыл алыңыздар.

Балалардың орындауында хор: «Анашым»

Тақпақтар

Жүргізуші:

Енді кішкентай бүлдіршіндеріміз аналар мен әжелерге арналған жүрекжарды тақпақтарын айтып береді.

Айбибі:

Ана-менің күнім

Ана-менің гүлім

Н.Медина:

Ана,ана,жан ана

Жүрегімде бар ана

Айбар:

Гүл беремін анама

Күлімдейді ол маған

Айша:

Ана-мейірім

Ана-жылу

Рәбия:

Ана-ең жақсы

Ана-ең тәтті

Нұржамал:

Гүл-гүлдерімен жинадым

Анама мен сыйладым

Әміре:

Анашым деп айтамын

Құшағыңа батамын

Нұрбибі:

Ана-күн де.ана-гүл

Анам барда өмір нұр

Қ.Медина:

Менің әжем,бұл әже

Айтқан сөзі дәл әжем

Аман болса көреді

Қызығымды әлі әжем

Нұрбек:

Мен анамды сүйемін

Сөзін ойға түйемін

Анашымды ардақтап

Басымды оған иемін

Ұлаз:

Менің әжем, гүл әжем

Алтын әжем, күн әжем

Қыздар биі

Жүргізуші:

Көктем келсе айнала гүлге толады.

Біздің кішкентай қыздарымыз да көктем гүліндей құлпырып тұр.

Қошеметпен қарсы алыңыздар — қыздардың әсем биі!

(Қыздар би билейді)

Хор — «Көп жаса анашым»

Жүргізуші:

Ана — біздің бақытымыз, қуанышымыз.

Балалардың аналарға арналған тағы бір әсем әнін қабыл алыңыздар.

Балалардың орындауында хор: «Көп жаса анашым»

Ұлдар биі

Жүргізуші:

Ал енді біздің батыр ұлдарымыз аналарға деген құрметін би арқылы жеткізбек.

Қарсы алыңыздар — ұлдардың биі!

(Ұлдар би билейді)

Балалармен ойын

Жүргізуші:

Енді кішкентай бүлдіршіндерімізбен бірге қызықты ойын ойнайық.

Ойын: «Анамды суреттен тап»

Ойын шарты:

Үстел үстіне анасының көздері бар суреттер қойылады. Әр бала өзінің анасын көзінен тауып алу.

(Балалар ойын ойнайды)

Қорытынды

Жүргізуші:

Құрметті аналар, әжелер!

Сіздерді көктем мерекесімен тағы да құттықтаймыз!

Сіздерге зор денсаулық, бақыт, отбастарыңызға амандық тілейміз.

Балалар хормен:

Анашым, мерекең құтты болсын!

(Балалар аналарға дайындаған
сыйлықтарын табыстайды)

№9 Балауса бөбекжай балабақшасы

Тақырыбы: «Қош келдің, әз Наурыз!»

Тобы: Балапан тобы

Тәрбиешілер: Рзаханова Клара

Бектурганова Фариза

16.03.2026



Бекітемін: *Г.А.Жаримбетова*
№9 «Балауса» бөбекжай-
балалар бақпасының
менгерушісі : Г.А.Жаримбетова

Тақырыбы: «Қош келдің, әз Наурыз!»

Мақсаты:

Балаларға Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесінің мәнін түсіндіру.

Қазақ халқының салт-дәстүрлерін дәріптеу, ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілігін арттыру.

Балаларды бірлікке, мейірімділікке, достыққа тәрбиелеу.

♪ Балалардың кіруі, отыруы

(Көңілді ұлттық әуен ойнайды)

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті қонақтар, ардақты ата-аналар!

Бүгінгі күн – ерекше күн! Көктемнің шуақты мерекесі,

Ұлыстың ұлы күні – әз Наурыз мерекесіне қош келдіңіздер!

Қараңыздаршы, қандай әдемі киінген бүлдіршіндеріміз!

Көңілді әуенмен балаларымыз ортаға шығып, орындарына жайғассын!

(Балалар әдемі жүріспен кіріп, орындарына отырады)

♪ Хор

Жүргізуші:

Наурыз – шаттық пен қуаныштың мерекесі.

Олай болса, бүлдіршіндеріміздің жүрекжарды әнін қабыл алыңыздар!

(Балалар хор орындайды)

☺ Наурыз көже туралы түсіндіру

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар! Наурыз мерекесінде әр шаңырақта ерекше тағам – Наурыз көже дайындалады.

Бұл көже – молшылық пен берекенің белгісі.

Наурыз көже жеті түрлі дәмнен жасалады:

сү, ет, тұз, май, тары (немесе күріш), сүт, айран.

Бұл – «жылымыз тоқшылыққа толы болсын» деген ырым.

Балалар, бәріміз бірге «Дәмді болсын!» деп айтайық! ☺

(Балалар бірге айтады)

☺ Бесікке салу рәсімі

Жүргізуші:

Қазақ халқының ең қастерлі салттарының бірі – бесікке салу дәстүрі.

Бұл – жаңа туған сәбиді бесікке бөлеп, оған ақ тілек айту рәсімі.

Ендеше, осы әдемі дәстүрді тамашалайық!

(Бесікке салу көрсетіледі)

Жүргізуші (жай әуенмен):

Бесігің берік болсын,

Ұйқың тыныш болсын,

Еліңе елеулі,

Халқыңа қалаулы азамат бол

☞ Шашу шашу

(Әжелер шашу шашады)

Жүргізуші (өлеңдетіп):

Шашу, шашу шашайық,

Берекені асайық!

Қуанышқа кенеліп,

Бақыт нұрын шашайық!

Ақ мол болсын,

Жылымыз тоқ болсын!

Қуаныш пен шаттық

Әр үйге қонсын!

★ Қыдыр атадан бата алу

(Қыдыр ата кіреді)

Жүргізуші:

Балалар, бүгін бізге береке мен ырыс әкелетін Қыдыр ата келіпті!

Қошеметпен қарсы алайық!

Қыдыр ата:

Армысыңдар, балалар!

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Жаңа жылда бақытты болыңдар!

Бата:

Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын!

Қайда барсаң жол болсын,

Төрт түлік ақты болсын!

Бақ-береке, бірлік

Үйлеріңе қонсын!

 Қорытынды

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар!

Осымен Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқталды.

Наурыз – жаңару мен жақсылықтың бастауы.

Баршаңызға зор денсаулық, бақыт пен береке тілейміз!

✿ Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Наурыз құтты болсын!